

140304. Баянауыл ауданы. Жанатілек селосы
Тел/факс: 8-718-40-95-6-10

140304. Баянаульский район. село Жанатілек
Тел/факс: 8-718-40-95-6-10

« 4 » қыркүйек 2019 ж.

Жанатілек ауылы

БҮЙРЫҚ №_1 - Н

2019-2020 оку жылында балалар
мен жасөспірімдерді оқумен қамту
бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар
туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 8-бабының, 2-тармағы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 11шілдедегі «Мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алууды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» № 324 бұйрығы және Баянауыл ауданы білім бөлімінің 2019 жылғы 4 қыркүйектегі № 285-1 -Н орындау мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

I. 1. 2019 жылғы 2 қыркүйек айынан 2 қазан айы аралығында жаппай оқыту бойынша айлық өткізілсін, оның барысында:

- 0 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер есебін жүргізсін (олар орта білім алғанға дейін);
- оқумен қамтылмаган тұрғылықты орны (мекендеу) бойынша тіркеудің баржоғына қарамастан қызмет көрсететін аумакқа келген немесе тұратын (тұракты немесе уақытша) оқумен қамтылмаган балалар мен жасөспірімдерді аныктап, себебін анықтау, оларды оқумен қамту бойынша шаралар қабылдансын;
- мектепте 100% ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылсын, жетім балалар және ата-анасының камқорлығынсыз қалған балалар, көп балалы және аз қамтылған отбасы балалары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін;
- жетім балалар және ата-анасының камқорлығынсыз қалған балалар, көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларына жаппай оқыту корынан, бюджеттен тыс каражаттар есебінен материалдық көмек көрсетілсін, оның ішінде міндettі мектеп формасымен қамтамасыз етілсін;

Жауапкершілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Н.Карамбаева мен әлеуметтік педагог Д.Д.Манзуловаға жүктелсін.

- мектепте білім алатын мүгедек балаларды және оқытуға жатпайтын балаларды есепке алу жүзеге асырылсын;
- балалардың үйде оқытылуын нормативтік-құқықтық күжаттарға сай қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғастырылсын;

Жауапкершілік мектептің психологы Г.М.Искаковаға жүктелсін.

- мектепте оқушылардың сабакқа қатысуына күнделікті мониторинг жүргізілсін; Жауапкершілік әлеуметтік педагог Д.Д.Манзуловаға жүктелсін.


- дәрігерлік бақылау комиссиясының қорытындысы бойынша арнағы медициналық топтар жұмысы үйімдастырылсын;
- тұрғылықты орны (мекендеу) бойынша тіркеудің бар-жоғына карамастан қызмет көрсететін аумаққа келген немесе тұратын (тұракты немесе уақытша) балаларды мектепке қабылдау ата-анасының өтініші бойынша жүзеге асырылсын;
- 2019 жылғы 16 қыркүйекке дейін 9-сыныптан кейін оқуға түскен 1-курс оқушыларының одан әрі оқуын тиісті анықтамасымен (шығыс нөмері мен күні, оқуға түскені туралы бұйрықтың нөмері мен күні) растасын.

II. 1. Білім бөліміне әр айдын 10-да 10 күннен артық сабак босатқан балалар туралы акпарат ұсынылсын.

2. Айлық қорытындысы мектептің педагогикалық кенесінде талқылансын.
3. Жоғарыда аталған шаралардың орындалуы туралы аналитикалық акпарат білім бөліміне 2019 жылғы 2 қазан ұсынылсын.

III. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.С.Ахметжановага жүктелсін.

Мектеп директорының м.а.: 

Танысты:
П.С.Ахметжанова _____
Д.Д.Манзулова _____ 
Г.М.Искакова _____